

Тақырыбы : Баланың бас ұстазы ата – ана

Жұмыс түрі : консультация (кеңес беру)

Жұмыстың мақсаты : Әрбір ата – ана баласының мектептегі және отбасындағы тәртібіне ықпалы . Бала мен ата – ана арасындағы қарым – қатынасты анықтап , педагогикалық , психологиялық қажетті кеңестер беру

Не істеу керек , егер балаңыз дөрекі сөйлеп , сізбен татуласуды қаламаса .

1. Бұл әрине жақсы қылық емес . Дегенмен бұдан дау шығаруға да болмайды . Ең бастысы баланың дөрекілігін елеусіз қалдырмау .

Дөрекілікке дөрекілікпен жуап бермеңіз .

2. Ешқандай желкелеп , шапалақтаудың қажеті жоқ . Баланы нұсқасаңыз , ол сізге ренжіп өз дөрекілігін де ұмытады . Нәтижесінде жақсы үлгі үйренбейді .

3. Әңгімені азгантай болса да өз кінәңізді мойындаудан бастаңыз . Келесі жолы сол кінәңізді қайталамауға тырысыңыз .

4. Баламен ерегіспеңіз . Балам келіп , кешірім сұрап татулыққа шақырады деп те көп уақыт оздырмаңыз . Балаңызға бірінші болып оны шын көңілден татуласуға шақырыңыз .

Егер сіз өз балаңыздың барлық баладан артық болғанын қаласаңыз .

1. Жаңа оқу жылы басында болуға тиісті түсінікті қалау . Шынында да оның жұрттың соңында үш алып жайбарақат жүргені ең соңғы партада бәріне самарқау қарап , өкінбестен , әрекетсіз отырғаны жетер .

Шынымен де , ренішті .

2. Бәрі дұрыс . ол артық баға алады . Тек сіздің балам барлық жерде алды болсын деген қалауы – қызған өкініш аралас қызғаныш тобы сезіліп , мақсаттың шынайылығына көлеңке түсіретін сияқты . Оның денсаулыққа зиянын айтпағанның өзінде балаңыз үшін де , өзіңіз үшін де тұтас алғанда , салғаннан жүйкеге салмағын салады .

3. Тамаша жақсының жауы дейді . Ал ата – ананың өзіне жақсы баға беруі қауіпті кейде ол жәжөндегеннен гөрі көп нәрсені бұзады .

Сондықтан баладан үлкен жетістіктер талап етпес бұрын , әуелі ойланып алу керек .

4. Ата – ананың тәжірибесіздігі оларға үнемі балаларының ерекшелігі туралы түсіндіру қажет болатындығынан көрінеді , ал кейбір тәжірибесі бар ата – аналар баланың ақылы толатын , таланты шыңдалып , үлгерімге жететін мерзімң болатынын біледі .

Егер , бала мұғалімді жек көретіні туралы сізге айтса .

1. Жақсы көруге үйрету қиын . Ол жоқ жерде , оны ешқандай ала алмайсың . Балаңыз біреуді жақсы көруге міндетті емес , ол тек сыйластық жолдарын білсе болды . Баланы

мағынасыз жақсы көруге емес , адамды сыйлай білуге үйретсең , жақсы көруді өзі үйреніп кетеді .

2. Баланы көп жағдайда мұғалімнің қаталдығы қорқытады . Қатаңдық , ақыл – ой , өздері – ақ түсінеді . Сондықтан баланы жақсы көр деп күштемеңіз .

3. Сабыр сақтаңыз . Тек қана сабыр сақтаңыз . Өзге адамның жек көру сезімін сыйлай білу керек . Оған саусақ шошайтып ежірейтудің қажеті жоқ .

4. Бала өз қалауымен жек көруді ме , оның да маңызы зор . Ол үйдегі , не мектептегі көргенін автаматты түрде қайталауы да мүмкін , бірақ ол біреудің әрекетін қайталап тұрғанын өзі байқамайды .

Құрметті ата-аналар!

Бала тәрбиесі - ата-ана үшін күрделі де жауапты міндет. Жас шыбық иілгіш болса, жас адамда сондай жақсыға да, жаманға да бірдей бейім болатыны баршамызға мәлім. Сізге ұсынылып отырған көмекші құралда ата-аналармен жұмыс жүйесі көрсетілген. Ата - аналардың міндеті, ақыл-кеңестер, сауалнамалар, сұрақ-жауаптар, тесттер ұсынылды. Қазақта «Баланың бас ұстазы - ата-анасы» деген сөз бар. Жас кезінде дұрыс тәрбие алмаса есейе келе тәртібі қиындап, оқу үлгерімі нашарлап кетеді. Мұндай жағдайларда «не істеу керек» деген ой туады. Әрине, ата-аналар балаларының оқу - үлгеріміне күнделікті назар аударып, оны қадағалап отыруы қажет. Тәрбие ешқандай үзіліс, демалыс күндер дегенді білмейді.

«Ұлды тәрбиелеп отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қызды тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» деп тұжырымдаған.

«Бірінші сынып оқушысы нені білуі керек?»

6 жастағы бірінші сынып оқушысы білуге міндетті:

✓ Өз үйінің мекенжайы мен телефоны, мектеп мекенжайы мен телефоны, өз аты-жөнін, ата-анасының аты-жөнін, ата-аналарының жұмыс орнын, үйінен – мектепке, мектептен-үйге дейінгі жолды, жол ережесін, көшелерді қиып өту ережелерін, пәтер есігін жабу, ашуды, телефон арқылы телефон шалуды;

✓ Ауа райының өзгеруіне байланысты өзі киінуге, шешінуге, өз киімдері мен аяқ-киімдерін байқап отыруға, дұрыс жуынып, тарана білуге, өзі тамақты ысытып, ұқыпты ішіп, үстел үстін жинап кетуге, тамақ алдында және дәретханадан кейін қол жууды ескертпей-ақ өзі жууға үйрену;

✓ Мұғалімді, ата-ананы тыңғылықты тыңдап, олардың нұсқамаларын өзі орындауға және мұғалімнің, үлкендердің сұрақтарына ұялмай ашық, нақты жауап беруге; көмек қажет жағдайында достарының таныстарынан, басқа таныс емес адамдардан көмек сұрай білуге; өз уақытын жоспарлауға, бөлуге және тапсырманы ескертусіз, көмексіз орындай білуге;

✓ Жақсы дос болу – жаңа мектеп ұжымына баланың ойдағыдай енуінің бір кепілі. Баланы жақсы дос болуға үйрету; басқаларға көмек көрсете білу және қиындықтан алып шыға білуге үйрету; кітап, ойыншықтарымен еркін бөлісе білуге; басқалардың қателігіне ескертулер тыңдай білуге дайындау.

«Есте сақтаңыздар!»

Егер:

Баланы жиі сынасақ, жек көруді үйренеді;

Баланы келеке етсек, ол тұйық болып қалады;

Баланы мақтасақ, ол жақсылықты үйренеді;

Баланы қолдасақ, ол өзін бағалай білуге үйренеді;

Баланы кінәлай берсек, ол өзін кінәлаумен өмір сүретін болады;

Баланы шыдамдылықта өсірсек, ол басқаларды түсінетін болады;

Баланы шындыққа үйретсек, ол әділдікке үйренеді;

Қауіпсіздікте өссе, адамдарға сенетін болады;

Бала айғай-шу, ұрыс-керісте өссе, онда ашуқай болады;

Бала достық, түсіністік қарым-қатынаста болса, онда ол бұл әлемде достық пен сүйіспеншілік сезімді табады.

Бірінші сынып ата-аналары үшін жадынама

Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде тек мектеп арқылы ғана нәтижеге қол жеткізуге болады. Бастауыш сынып мұғалімі – сіздердің сенімді одағыңыз және жанұяларыңыздың досы. Сонымен ақылдасыңыздар, мұғалімнің мәртебесін қолдаңыздар. Мұғалімнің жұмысындағы кемшіліктерді баланың көзінше айтпаңыздар, оны тек мектепте мұғалімнің өзіне айтыңыздар.

Сабақтарға, ата-аналар жиналысына қатысып отыруға тырысыңыздар. Егер жиналысқа қатыса алмамаңыз, оны мұғалімнің өзіне жеке барып айтыңыз немесе бала арқылы қолхат беріп жіберіңіз.

Оқушының оқудағы жетістіктерін жиі біліп отырыңыз және «Бүгін жаңа не білдің?» деп сұрап отыру қажет. «Бүгін қандай баға алдың?» - деп дәстүрлі сұрақ қоя бермеуі керек. Ұл-қызыңызға түскен сәтсіздіктерге ашуланбаңыз, жетістіктеріне қуана біліңіз.

Үй жұмысын орындауды жиі бақылап отырыңыз, орындау барысында дұрыс көмек бере біліңіз. Балаға көмек көрсету, бақылау баланы шаршататын мораль, дәріс түрінде немесе дүрелеу түрінде болмауы керек. Негізгісі баланың оқуға деген ынтасын, қызығушылығын ояту.

Үй жұмысын тексере отыра, баланың өз мысалдарын келтіре білуге, орындалған тапсырманың дұрыстығын дәлелдей білуге бағыттап отыру қажет. «Неге?», «Дәлелде», «Басқаша болуы мүмкін бе?» деген сұрақтарды жиі қою керек.

Сыныпта өткізілген барлық іс-шараларға баланың қатысуына әрекет етіңіз.

Баланың әңгімелерін аяғына дейін тыңдауға тырысыңыз (өзі туралы, достары, мектеп туралы). Өзіңнің уайымыңызбен және балаңыздың қажеттілігімен бөлісіңіз.

Сыныпқа, мектепке міндетті түрде көмек көрсетіңіз.

Баласының сеніміне кіру үшін ата-анаға қажетті кеңестер.

Құрметті ата – ана!

Қазақ халқы дүниеге жаңа келген баланы періштеге теңеген. Ал сол баланың қандай болып ер жетуіне ең алдымен ата-ана тәрбиесінің ықпалы күшті екені жасырын емес. Ата-

ана тәрбиесінің өз жемісін беруі, баланың тәрбиелі болып ер жетуі көп жағдайда бала мен ата-ана арасында өзара сенімнің болуына байланысты.

Сондықтан төменде берілген кеңестерге назар салыңыз!

-Балаңызға қандай жағдайда болса да көмек сұрап келген кезде көмектесуге әзір болыңыз;

-Мектепте күнделікті болып жатқан оқиғалар туралы балаңыздан сұрап біліп отырыңыз;

-Балаңыздың бойындағы, көңіл – күйіндегі өзгерістерді үнемі бақылап жүріңіз;

-Әр түрлі шешімі қиын мәселелерге байланысты пайдалы ақыл кеңестер беруге тырысыңыз;

-Балаңыздың жас ерекшеліктерін ескеріңіз, балаңызға кеңес бермес бұрын мектеп психологынан немесе класс жетекшісінен кеңес алып, тығыз байланыста болыңыз;

-Балаңыздың достарының қандай екенін ертерек анықтаңыз;

-Балаңызды мектепте және мектептен тыс уақыттағы тәрбиесін үнемі қадағалап отырыңыз;

-Балаңыздың болашағына – отбасындағы тәрбиенің елеулі әсер тигізетінін ұмытпаңыз;

-Балаңызға берген уәдеңізді әрқашанда орындаңыз.

РЕНІШТЕР НЕГЕ ӘКЕЛЕДІ

Кенеттен пайда болған және ақырындап жиналатын реніштер: Неге әкеледі?

- «Өзіне кетуге» ұмтылуға;
- Оқшаулануға;
- Қарым-қатынаста шеттеуге;
- «Қатынастарды анықтау» ұмтылысына, бұл қақтығысқа ауысуы мүмкін;
- Қоршаған жағдайды «қара түстерде» көруге деген ұмтылысқа;
- Рационалдыдан эмоционалдық ауытқудың артуына;
- Жүйке-психикалық шиеленісудің артуына;
- Белсенділіктің төмендеуіне;
- Танымдық белсенділіктің реніш объектісіне аударуға және, нәтижесі ретінде, түскен ақпаратты дұрыс бағалаудың шектелуіне әкеледі.

ЖАСӨСПІРІМДІ ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚОЛ ЖҰМСАУДАН НЕ ТОҚТАТУЫ МҮМКІН

- ✓ Баламен қамқорлық қарым-қатынастарды орнатыңыз
- ✓ Зейінді тыңдаушы болыңыз
- ✓ Қатынаста шынайы болыңыз, қорқынышты жағдай туралы байыпты және түсінікті сұраңыз
- ✓ Психикалық ыңғайсыздық көзін анықтауға көмектесіңіз
- ✓ Барлық мәселелерді дұрыс шешу үшін сенім орнатыңыз
- ✓ Балаға оның тұлғалық қорларын тануға көмектесіңіз
- ✓ Баланың осы шақта сәтті орнығуы үшін қолдау көрсетіңіз және болашақтағы бағытты анықтауға көмектесіңіз
- ✓ Жасөспірімді зейінмен тыңдаңыз!

ОТБАСЫНДА БАЛАМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- ✓ Жаманшылыққа күманданбаңыз;

- ✓ Мазақ қылмаңыз;
- ✓ Аңдымаңыз;
- ✓ Тергемеңіз;
- ✓ Тәжікелемеңіз;
- ✓ Жауапкершілікке мәжбүрлемеңіз;
- ✓ Қарым-қатынастың сырластық тәжірибесін бақыламаңыз;
- ✓ Үйде тыныштық, сенім, қауіпсіздік ахуалын жасаңыз;
- ✓ Үйде ашықтық принципі бойынша қарым-қатынас әдетін тудырыңыз;
- ✓ Өзіндік тәжірибе құқығын беріңіз;